

## **Шығыс Қазақстан облысы Жарма, Үржар, Бесқарағай, Ұлан аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылыстарына өзгерістер енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігінің 2007 жылғы 8 қарашадағы N 305 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының III сессиясының 2007 жылғы 14 желтоқсандағы N 3/36-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 9 қаңтарда N 2465 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 - бабы 1- тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3, 8 және 11-баптарына сәйкес, Жарма ауданы мәслихатының 2006 жылғы 14 шілдедегі N 32-12 және әкімдігінің 2006 жылғы 12 шілдедегі N 236, мәслихатының 2007 жылғы 23 шілдедегі N 40-7 және әкімдігінің 2007 жылғы 13 шілдедегі N 183 бірлескен шешімдері мен қаулылары, Үржар ауданы мәслихатының 2007 жылғы 21 мамырдағы N 29-294-III және әкімдігінің 2007 жылғы 16 мамырдағы N 84 бірлескен шешімі мен қаулысы, Бесқарағай ауданы мәслихатының 2007 жылғы 24 мамырдағы N 26 - 3 және әкімдігінің 2007 жылғы 24 мамырдағы N 168 бірлескен шешімі мен қаулысы, Ұлан ауданы мәслихатының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 240 және әкімдігінің 2007 жылғы 24 шілдедегі N 3 бірлескен шешімі мен қаулысы негізінде, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шығыс Қазақстан облысы Жарма, Үржар, Бесқарағай, Ұлан аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) мынадай елді мекендер есепті деректерден шығарылып, ауыл категориясынан өзге қоныстар категориясына ауыстырылсын:

Жарма ауданының Аршалы ауылдық округінің Түрксіб ауылы, Шар қаласының Қараш ауылы, Қапанбұлақ ауылдық округінің Нарбота мен Первомайское ауылдары, Георгиевка ауылдық округінің Қорықшар ауылы, Жайма ауылдық округінің Қорғанбай ауылы, Шалабай ауылдық округінің Мөртас, Қостөбе, Черниговка ауылдары;

2) аталған өзге қоныстардың халқы мынадай ауылдардың құрамына енгізілсін:

Жарма ауданының Түрксіб қонысының халқы Аршалы ауылдық округінің Аршалы ауылының құрамына, Қараш қонысының халқы Шар қаласының құрамына, Первомайское мен Нарбота қоныстарының халқы Қапанбұлақ ауылдық округінің Қапанбұлақ ауылының құрамына, Қорықшар қонысының халқы Георгиевка ауылдық округінің Георгиевка ауылының құрамына, Қорғанбай қонысының халқы Жайма ауылдық округінің Жайма ауылының құрамына, Мөртас, Қостөбе, Черниговка

қоныстарының халқы Шалабай ауылдық округінің Шалабай ауылының құрамына;

3) Жарма ауданыны Шар қаласының Қызылжетек ауылы таратылсын және есепті деректерден алынып тасталсын;

4) мынадай әкімшілік - аумақтық бірліктер қайта аталсын:

Ұ р ж а р а у д а н ы б о й ы н ш а :

Благодатный ауылдық округінің Южный ауылының атауы Жаңа тілек ауылына;

Благодатный ауылдық округінің атауы Жаңа тілек ауылдық округіне;

Б е с қ а р а ғ а й а у д а н ы б о й ы н ш а :

Большая Владимировка ауылдық округінің Большая Владимировка ауылының атауы Б е с қ а р а ғ а й а у ы л ы н а ;

Большая Владимировка ауылдық округінің атауы Бесқарағай ауылдық округіне;

Ұ л а н а у д а н ы б о й ы н ш а :

Аблакет ауылдық округінің Ленинка ауылының атауы Сағыр ауылына;

Айыртау ауылдық округінің Завидное ауылының атауы Айыртау ауылына;

Ж а р м а а у д а н ы б о й ы н ш а :

Георгиевка ауылдық округіндегі:

Георгиевка ауылының атауы Қалбатау ауылына;

Васильковка ауылының атауы Батыр Қапай ауылына;

Новореченск ауылының атауы Жаңаөзен ауылына.

2. Осы шешім мен қаулы бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Облыс әкімі*

*Облыстық мәслихат хатшысы*